



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 16/94  
20 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН САДЫР ЖАПАРОВ ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғызстан Президентін Ақордада салтанатты түрде қарсы алды.

Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды.

Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президенті сапарының екі тарап үшін де мән-маңызы айрықша екенін атап өтті.

– Бүгін біз Одақтастық қатынастарды нығайту және кеңейту туралы тарихи келісімге қол қоямыз. Осы

маңызды құжат қазақ-қырғыз байланыстарының дамуына тың серпін беретініне сенімдімін. Ел аузында «Қырғыз бен қазақтай бір-біріне жақын халық жоқ» деген сөз бар. Бұл – дұрыс айтылған тұжырым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның бұрын-соңды болмаған су тасқынымен күресіп жатқанын атап өтіп, осындай қиын-қыстау кезде гуманитарлық көмек көрсеткені үшін Қырғызстан Президентіне және барша қырғыз халқына алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, бұған белсенді саяси диалог, үкіметаралық

және парламентаралық тығыз байланыстар ерекше серпін беріп отыр.

– Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық жылдан-жылға нығайып келеді. Былтыр өзара тауар айналымы 1,5 миллиард долларға жетті, яғни 26 пайызға өсті. Алдағы мақсатымыз алыс-беріс көлемін 2 миллиард долларға жеткізу. Сонымен қатар осы бағытта болашағы зор бірқатар жоба қолға алынды. Жалпы, сауда-экономикалық саладағы уағдаластықтар орындалып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Келіссөз барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарға да назар аударылды.

– Өзара мәдениет күндерін өткізу игі дәстүрге айналды. Жастар арасындағы ықпалдастық күшейді. Білім беру саласында тәжірибе алмасып жатырмыз. Бүгін өзіңізбен бірге Астанада әйгілі Манасқа ескерткіш ашамыз. Осының бәрі қазақ-қырғыз қарым-қатынасы жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Біз оны жаңа белеске көтеруге мүдделіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекет арасындағы дәстүрлі достық пен тату көршілік қатынастарды нығайтуға Қырғызстан Президентінің қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Өз кезегінде Садыр Жапаров қырғыз делегациясына қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан

тарапына ризашылығын білдірді.

– Қазақстан біздің ең жақын көршіміз. Сыртқы саясатымызда ерекше артықшылықтарға ие болған бауырлас мемлекет әрі негізгі сауда серіктестеріміздің бірі. Екі ел арасында ешқандай саяси, аймақтық қайшылық жоқ. Мемлекет басшысы лауазымына келгелі бері қырғыз-қазақ қарым-қатынасы болсын, халықаралық құрылымдарда болсын, маған қолдау көрсетіп келесіз. Біз бауырлас қазақ халқына су тасқыны салдарынан туындаған қиын кезде қолдан келген көмекті беруге дайынбыз. Екі елді ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, бауырластық, тату көршілік байланыстар, сондай-ақ ортақ мәдени, рухани және діни құндылықтар біріктіреді. Өзара ынтымақтастығымыз бен стратегиялық серіктестігіміздің одан әрі нығая беретініне сенімдімін, – деді Садыр Жапаров.

Бұдан бөлек, келіссөз барысында тараптар саяси, көлік-транзиттік, энергетикалық салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібін қарастырды.

akorda.kz

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ АЙКӨЛ МАНАС ЕСКЕРТКІШІНІҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Астанадағы Айкөл Манас ескерткішін салтанатты түрде ашты.

Мемлекет басшысы шарада сөйлеген сөзінде елордада мұндай еңселі ескерткіштің бой көтеруі, ең алдымен, қазақ халқының қырғыз ағайынға деген риясыз құрметінің белгісі екенін атап өтті.

– Екі жыл бұрын Бішкекте ұлы Абайдың ескерткіші ашылғанын білесіздер. Мен сол шараға арнайы барып қатыстым. Мұндай игі бастамалар екі елдің достық

байланысын нығайта түсетіні сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мыңжылдық тарихы бар Манас жырын барша адамзат руханиятында өзіндік орны бар бірегей мұра ретінде атап өтіп, оны тек қырғыз халқының ғана емес, тұтас түркі жұртының баға жетпес қазынасы деуге болатынын айтты.

– Әйгілі жырдың заман сынағынан аман өтіп, бүгінгі күнге жетуіне қазақ ғалымдары зор үлес қосқан. Осы орайда Шокан Уәлиханов,

Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сияқты біртуар тұлғаларды атап өтуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті екі елдің мәдени мұраларының тамыры бір екеніне назар аударып, қазақ пен қырғыздың әйгілі тұлғалары қай кезде де өзара тілектес, ниеттес болғанына тоқталды. Мемлекет басшысы еліміздегі су тасқынына қарсы күресте көмек қолын созған барша қырғыз жұртына қазақ елінің атынан зор ризашылығын білдірді.

– Бас қаламызда бой көтерген осы сәулет туындысы түбі бір түркі жұртының бірлігін көрсетеді. Бұл – Манасқа ғана емес, қазақ пен қырғыздың мәңгілік бауырластығына қойылған ескерткіш. Мен екі елдің достығы ешқашан мызғымайды деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Манас жыры қырғыз халқының тарихи және рухани мұрасына айналғанын атап өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жеткеніне тоқталды.

– Дүниежүзілік ауыз әдебиетінің

ең ұлы туындысы болған Манас эпосын зерттеуде қазақ халқының біртуар тұлғаларының қосқан үлесі зор екенін айту – тарихи әділеттілік. Бұл орайда талантты зерттеуші Шокан Уәлиханов Манас эпосына қызығып, қағаз бетіне түсіріп, ғылыми айналымға енгізді. Сондай-ақ ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің Манас туралы алғашқы монографиялық еңбек жазғаны қазақ-қырғыз арасында кеңінен мәлім. Сондықтан бүгін Қырғызстан мен Қазақстан қарым-қатынасындағы тарихи күн. Айкөл Манас ескерткішінің қазақ жерінде ашылуы екі елдің бауырластығын тағы бір мәрте дәлелдеді, – деді Қырғызстан Президенті.

Сонымен қатар Садыр Жапаров барша қырғыз елінің атынан Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Айкөл Манас ескерткішін ашуға үлес қосқан азаматтарға ризашылығын білдірді.

Салтанатты шараға Қырғызстанның ресми делегация мүшелері және екі елдің зиялы қауым өкілдері қатысты.

akorda.kz

## ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ

2024 жылдың 21 сәуір айынан 27 сәуір айына дейінгі аралықта Еуропалық иммундау апталығы өткізілетінін хабарлайды. Бұл денсаулық пен әл – ауқаттың дұрыстығы үшін, иммундаудың маңыздылығы туралы тұрғындардың хабардар болуын арттыруға бағытталған жыл сайынғы іс шара.

Еуропалық иммундау апталығының негізгі мақсаты: балалар мен ересектерді екпе (вакцина) арқылы алдын алуға болатын аурулардан қорғауды қамтамасыз ету, оларға салауатты өмір сүруге мүмкіндік береді. Биылғы иммундау апталығы «Екпелер: ересектерді, бүгінгі және болашақ ұрпақтың денсаулығын сақтау» атауымен аталған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, иммунизация – миллиондаған адамның өмірін құтқарады және денсаулық сақтау саласындағы ең әсерлі және шығынды аз талап ететін шара ретінде кеңінен мойындалған.

Көпшілікке вакцина жасау

арқылы көптеген жұқпалы аурудың алдын аламыз. Атап айтсақ, туберкулез, қызылша, қызамық, дифтерия, полиомиелит сияқты жұқпалы аурулардың таралуын тежеп отырмыз, себебі бұл індеттерді емдеудің тиімді дәрі дәрмектері жоқтың қасы.

Дер кезінде алынған вакцина – дерттің таралып кетпеуіне бірден-бір себеп. Алайда белгілі бір уақыт өткеннен кейін екпенің күші әлсірей бастайды, сондықтан уақтылы қайта екпе алу маңызды. Вирусты және инфекциялық сырқаттарға қарсы вакцинациялау халықты аталған вирустан қорғау мақсатында жасалып отырған шара. Вакцина сырқаттардың таралуының алдын алуға, тұрғындарды қорғайтынына дауа жоқ.

Вакцинациялау егуді жүргізуге жазбаша келісіммен, ерікті түрде және тегін жүргізіледі. Екпе алып індеттен аман қалу мүмкіндігі әр адамда бар. Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығын қорғау үшін вакцина алу қажет.

Вакцинаның тағы бір жетістігі

аса қауіпті сырқаттардың алдын алуға да көмегі бар, оларға құтырма, сібір жарасы, іш сүзегі, листериоз, оба тағы басқалары жатады.

Мектепке дейінгі балалар арасында сырқаттанушылықты өршуін болдырмау мақсатында топтар арасында шекті деңгей сақталуы қажет, ол профилактикалық екпелерді алған балалар пайызы 90, екпені белгілі себеппен алмаған балалар саны қалған 10 пайызды құрауы қажет. Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру арқасында сырқаттардың қоздырғыштарын қоғам арасында айналымын тежей аламыз.

Екпе салуға қарсы көрсеткіштер, үнемі иммунодефицитті, ВИЧ инфекцияларымен ауыратындарға, ВИЧ инфекцияның клиникалық белгілері болғанда, қан ауруларында оның ішінде қатерлі ісіктер, яғни онкологиялық сырқаттар, жүктілік (тұмауға қарсы екпеден басқасын алуға болмайды)

Уақытша қарсы көрсетілімдерге: орталық нерв жүйесі, бүйрек, жедел инфекциялық инфекциялық емес сырқаттарда,

созылмалы сырқаттарының асқынуында алуға уақыт болмайды

Қазіргі таңда Приозерск қаласы аумағында бұрын тіркелмеген вакцинамен басқарылатын инфекциялық сырқаттар тіркеліп отыр, олар: қызылша, көкжөтел, вирусты гепатит А түрі, сонымен қатар өткен жылдармен салыстырғанда туберкулез сырқаты өсіммен тіркелген. Өкінішке орай, ата-аналардың қарсылығы тек екпеге ғана емес, Манту сынағасын уақытында жасамауда, сырқаттың бар жоғын дер кезінде анықтау қиыншылық тудырады.

Құрметті ата-аналар, дерт айттып келмейді, дер кезінде сырқаттан қорғана білейік! Денсаулық – зор байлық, өзіңізді, өз жақындарыңызды түрлі сырқаттан күтіңіз, салауатты өмір сүрейік!

*Приозерск қалалық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы*

ДЕРТКЕ – ДАУА,  
ЖАНҒА – ШИПА СУСЫН!

Қазақтың ұлттық тағамдарын сөз еткенде, әрине, ұлттық сусындарды тасада қалдыруға болмайды. Нақ осы ұлтымыздың сусындарына қатысты отандық ғалымдар бір ғана шұбаттың жүзге тарта қасиетін дәлелдеп отыр. Ғылыми дәйектерге жүгінсек, қазақтың шұбаты әлемнің шөлін қандыруға қауқарлы, халықаралық нарықта бәсекеге бәс тігуге қабілетті, сондай-ақ талай дертке дауа болар қасиеттері де баршылық.

Жалпы жылқы, сиыр малындай емес, түйенің жейтін шөбі басқа. Сондықтан оның сүті де ерекше болып келеді. Түйе жиде, жыңғылдың гүлдерін, қараталдың басын, тікен, жантақ шөптерін азық етеді. Шұбатты ішкен адамның қарны да ашпайды. Ол – әрі сусын, әрі тамақ. Түйе сүтінің маңыздылығы, майлылығы жоғары. Іш құрылыстары ауыратын адамдарға бұл – мың да бір ем. Әсіресе, асқазан жарасына шипалы. Шұбаттың арқасында осындай дертпен ауырған талай адам жазылып кетті. Сондай-ақ, шұбат адамның иммунитетін көтереді. Жақында ғана ғалым-профессор Мұсатілла Тоқанов диабеттен құтқарудың ғылыми негізін жасады. Сусамыр дертіне шипа таппай әлемдік медицина дағдарып жатқанда, шымкенттік ғалым Мұсатілла Тоқанов дауасын түйе сүтінен тапты. Қазір дүниені рак ауруы теңселтіп тұр. Әлемдік медицина дәрменсіз. Бірақ емін жаппай іздеп жатыр. Мәскеудің Герцен атындағы онкологиялық институтының профессоры Р.И. Якубовская бастаған бір топ ғалымдар обыр ауруының алдын алатын лапрот деген препаратты

өндіріске енгізбекші. Профессор раққа қарсы лактоферрин деген ферментті ана сүтінің ақуызынан тапқан. Бірақ ғылыми жаңалықтың өзіндік қиындықтары аз емес. Мәселен, 1 грамм лактоферринді алу үшін 25 әйелдің сүті өңделуі керек. Оның өзіндік құны 2500–3000 АҚШ доллары. Ал 100 грамм алу үшін 2,5 тонна ана сүті керек. Ғалымның дәлелдеуінше, түйе сүтінен де лактоферрин алуға болады. Сонымен қатар, түйе сүті сиыр сүтімен салыстырғанда «С» дәрумені 5 есе, «РР» 3 есе, «Е» 2 есе, «темір» 10 есе, «кальций» 1,5 есе, «лактоферрин» 30 есе көп. Басқа қасиеттерін санамағанда, құрт ауруына, ішек-құрылыстары, бауыр, дәрумен жетіспеушілік, қан аздық және қант ауруына бірден-бір еміңіз түйе сүтінде.

Бауыр, бүйрек жұмысын жақсартады

Негізінде, денсаулыққа аса пайдалы бұл сусынның қадірін бізден бұрын шетел біліп отыр. Қазірде Израиль, Германия, Норвегия тәрізді елдерде қымыранның құны да жоғары, өндірілу технологиясы да сапалы. Малайзия, Израиль, Германия елдерінде қымыранның құрылысын, қасиетін, құрамын зерттеуге сол елдің ғалымдары барынша ықылас білдіруде. Ғалымдардың айтуынша, сапасы жоғары қымыранның адам ағзасындағы өт жолдарын тазалауға, бауыр-бүйрек жұмысын жақсартуға берер шипасы мол екенін анықтады. Оған дәлел бір литр қымыран ересек адамның В1, В12 және С дәрумендеріне деген қажеттілігін бере алады екен. Қымыран қышқыл бөлуді тездетіп, асты жылдам қорытуға септігін тигізеді. Осы арқылы бауырды тазалап,

өт жолдарының жұмысын жақсартады. Айран мен сүтке қарағанда шұбаттың тиімділігі анағұрлым жоғары.

Шұбатпен емдейтін шипажай ашу керек. Түйе сүтінің адам ағзасына тигізер шипасы орасан. Біріншіден, адамның асқазаны мен ішегіне көмегі көп. Екіншіден, жүйке жүйесін қалпына келтіреді. Адам ағзасын орнына келтіруге пайдасы зор. Сондықтан күнделікті тағам рационына түйенің сүтінен жасалған шұбатты қосатын болсаңыз, ішіп-жегеніңіз жақсы қорытылып, қуатыңыз арта түседі. Осыдан біраз бұрын қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов «Қымыз бен шұбат туралы арнайы заң керек» деп Үкіметке депутаттық сауал жолдаған да болатын. Қымыз-шұбат мәселесінің Парламент мінберінде көтерілуі бұл бірінші рет емес. Барды бағалай білу керек емес пе? Қымыздың патенті немісте. Көжеге қырғыздар иелік еткен. Біз әлі ойланып жүргенде ұлттық сусындарымыз өзгенің иелігіне өтіп жатыр. Қазақ қашан қозғалмақ? Керек десеніз, шұбат – қырық түрлі ауруға ем. Кезінде елімізде өкпе ауруларын тек шұбат-қымызбен емдейтін 15 шипажай болса, бүгінде олардың жұмысы тоқтап қалған. Керісінше, Ресей 80-нен астам шұбат өндіретін агрофирма ашып, осы елде қымыз бен шұбат арқылы емдейтін 48 шипажайдың жұмысын жолға қойған. Шұбаттың емдік қасиеттеріне Жапония мен Батыс Еуропа елдері де ерекше қызығушылық таныта бастаған. Мәселен, Германия біздің ұлттық сусынымызды дайындап, оның ұнтағынан түрлі тағамдар мен косметикалық заттар алуды игерген.

Иә, қазақ шұбат ішуден қалып

бара жатқандай. Бүгінде дүкендердегі қымыз-шұбат сусындары мүлдем талапқа сай келмейді деген де пікір бар. Бәлкім, шұбатты ғылыми тұрғыда зерттеу орталығы ашылса, біраз мәселе шешімін табар... Мұнан бөлек, қазақтың ұлттық тағамдары деген республикалық ұлттық орталық ашуымыз керек-ақ. Кезінде ұлттық сусындарды түбегейлі зерттеп, қымыз бен шұбатты баптап, әзірлеудің, он айға дейін алғашқы дәмі мен сапасын сақтайтындай технологиясын, оларды ұнтақ түрінде дайындаудың әдістерін де ойлап тапқан қазақ ғалымы профессор Зұлхайнар Сейітұлы еді. Қайткен күнде де шұбаттың қасиетін насихаттауды бір сәтке де тоқтатпаған жөн. Сонда жастарымыз арақ-шарапқа құмар болмай, ұлттық сусынымызға бет бұратын еді. Ел арасында маскүнемдер азайып, түрлі аурулар мен өлім-жітімнің алдын алар едік. Әйтпесе, қазақтың қымызы мен шұбатын да, ұлттық ойындарын да шетелдіктер иемденіп барады. Осының бәрін салыстырып қарағанда, ұлттық сусынымыз шұбатты әлі күнге дейін дамыта алмай отырғанымыз бойкүйездік пен немқұрайлылық емес пе? Ата-бабамыздың аманатына адалдық танытып, ардақтаған асын, сүйсіне ішкен сусындарын ұлттық брендке айналдыру үшін қымыз бен шұбат жөнінде арнайы заң қабылдауымыз керек. Сонымен бірге, ұлттық сусындар өндіргісі келетін фермерлерді ынталандыратын жеңілдіктер қарастырылуы қажет шығар...

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ*



## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап, АРАИ2017 жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Калкан жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірлесіп, сервистік қызметтің тарифын шаршы метрі 65 тенгеге қымбаттайтынын хабарлайды. Қызметтік тарифтің қымбаттауына еліміздегі тенгенің құнсыздануымен жалпы тұрмысқа қажетті заттардың күрт қымбаттауы, жалақының көтерілуі себепті баға көтерілуде. Құрметті тұрғындар түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз

АРАИ2017 ЖШС  
Калкан ЖШС

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

С 1 апреля текущего года ТОО «АРАИ2017» и ТОО «Калкан-2009» совместно увеличивает тариф на сервистное обслуживание на 65 тенге за 1 квадратный метр. Подорожание за сервистное услуги связи с инфляцией тенге, дорожанием необходимых материалов и повышением заработной платы. Уважаемые жители просим отнестись с пониманием. Администрации ТОО «АРАИ2017» и ТОО «Калкан-2009».

ТОО «АРАИ2017»  
ТОО «Калкан»

## БІЗДІҢ СПОРТШЫЛАР — БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!



2024 жылдың 05 – 08 сәуір аралығында Көкшетау қаласында классикалық пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының Чемпионатында Приозерск қаласының Уасбай Айдана, Нұрланқызы Құралай, Кузнецов Владимир және Оспанов Айтас спортшылары 1 орынға ие болды. 2 орынға: Есенгелді Ақбота және Аман Аида ие болды. Жаттықтырушылары Оспанов Алмаз.



С 5 по 8 апреля 2024 года на чемпионате Республики Казахстан по пауэрлифтингу в городе Кокшетау, спортсмены города Приозерск: Уасбай Айдана, Нұрланқызы Құралай, Кузнецов Владимир и Оспанов Айтас завоевали 1 место. Есенгелді Ақбота и Аман Аида завоевали 2 место. Тренер Оспанов Алмаз.

Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, д/и және спорт бөлімі

## ҚАЗАҚША АЙ АТАУЛАРЫ

2024

Қаңтар							Ақпан							Наурыз							Сәуір						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
1	2	3	4	5	6	7	1	2	3	4	5	6	7	1	2	3	4	5	6	7	1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14	8	9	10	11	12	13	14	8	9	10	11	12	13	14	8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21	15	16	17	18	19	20	21	15	16	17	18	19	20	21	15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28	22	23	24	25	26	27	28	22	23	24	25	26	27	28	22	23	24	25	26	27	28
29	30	31					26	27	28	29				25	26	27	28	29	30	31	29	30					

Көзді ашып жұмғанша 2024-жылдың үшінші айына аяқ басып, ата-бабадан келе жатқан Жана жылымызға да жеткелі тұрмыз. Бүгінгі мақаламызда бір жылды құрайтын он екі айдың қазіргі атауы мен ескі атаулары қалай болғанын білесіз. Тілімізде табиғаттың құбылыстарына, ырымдарға, ұлттық мейрам, салт-дәстүрлерге, табиғат құбылыстарына байланысты айларды әртүрлі атап отырған. Мысалы:

Қаңтар – ескі түркі сөзі. Күннің барынша қысқарып, байланғандай қаңтарылып тұрып қалуына орай «қаңтар» деп атаған. Бұдан кейін күн ұзара бастайды. Халық арасында «Қаңтарда күн қарға адым ұзарады» деген сөз қалған.

«Ақпан» – қазақтың «ақ ықпа», яғни боран деген сөзінен шыққан. Осы айда келетін амалды «Ақпан-дақпан алты күн, аязымен жеті күн» деген. Бұл жеті күн нағыз қыс ортасына келеді. Қар жауып, жел тұрып, боран, бұрқасын болады. Аяз күшейеді. Малдың жұтқа ұшырауы осы айда басталады. Олар тауды ықтап, ағашты паналайды. Айдалада адасып, аштық пен суықтан қырылып қалады. Қазіргі кезде, құдайға шүкір, бұндай оқиғалар көп емес.

Наурыз – өзіміздің төл жаңа жылымызды бастайтын ай. Парсыша «Жаңа күн» деген мағына береді. Шындығында, наурыз айдың аты емес, жыл басы мейрамының атауы. Қазақтар Наурыз мерекесін Ұлыстың ұлы күні – жыл басы ретінде тойлау дәстүрімен ай атына айналдырып жіберген. Наурыздың 22-інде күн мен түн теңеледі.

Сәуір Арабша «өгіз» деген мағынаны білдіреді. «Өгіз» – күн жолындағы шоқжұлдыздың аты. Қазақтар оны ай аты ретінде қолданған. Сәуірдің ертеден келе жатқан қазақша аты «көкек» болатын. «Көкек – ұшқалақ, жеңілтек құс, өз атын өзі шақырады. Бұл сөз жағымсыз мәнде айтылатындықтан, оны сәуір деген атаумен алмастырған. Қазақша «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал да бар.

Мамыр жыл құстарының мамығын төгіп, көл жағасына ұя салып мамырлайтын, семіретін кезі. Ескі түркі тілінде «мамыр» тоқшылық, семіру деген мағынаны білдіреді. Осы айда

мал да оңала бастайды.

Маусым Арабтың «мезгіл» деген сөзі. Шөп шабу, пішен дайындау маусымына байланысты ай аты осылай аталған. Үнді, Еуропа тілдерінде «маусым» сөзімен төркіндес «муссон» термині «жазда мұхиттан құрлыққа, ал қыста құрлықтан мұхитқа қарай соғатын жел» дегенді білдіреді.

Шілде Парсы тілінде (шіллә) «қырық» деген мағынаны білдіреді. Жазғы қырық күн шілденің негізгі ыстық күндері осы айда өтеді. Ол әуелде қырық күндік мезгіл ретінде айтылып, кейін отыз күндік ай ретінде қолданылып кеткен. Шілдеде күннің ұзақтығы қысқара бастайды.

Тамыз «Күйдіру» деген мағынаны білдіреді. Тамыздық сөзі де осы мағынадан туындаған. Тамыз айында аптап ыстықтан шөптің басы сарғайып, құрай бастайды. Піскен егін орылады. Осы құбылыстарға байланысты бұл айды кейде «сарша-тамыз» деп қосарлап айтады. Яғни «сарша» – ежелгі түркі сөзі, арғы тегі «сары шақ» деген мағынаны білдіреді.

Қыркүйек. Бұл айда қой мен ешкінің төлдеу уақытын көктем айына келтіру үшін қошқар мен текеге күйек байлайды. Бұл шаруа қырда, өріс басында өткізіледі. Сол себепті «қыр» және «күйек» сөздерін біріктіріп, айды «қыркүйек» атап кеткен.

Қазан. Бұл айдың атауы парсы тілінен алынған, яғни «күз» деген мағына береді. Қазан басталысымен еккен егіннің бәрі орыла бастайды. Жерде қалса, суық соғып, үсік шалады деген қорқыныш бар. Осы орайда «Қазан соғу» тіркесін пайдаланған.

Қараша – жердің оты кетіп, бет-бедері қоңырқай тарта бастайды. Ай атының «қараша» деп аталуы да осыны меңзейді. Қарашада қар түсе бастайды, мұны халық «қарашаның қары» деп атайды.

Желтоқсан. «жел» және «тоқсан» деген түркі сөздерінің бірігуінен шыққан. Яғни, үш ай желді және боранды деген ұғымды білдіреді. Бір тоқсанда үш ай болатынын білеміз. Ежелгі түріктер жел айы немесе тоқсан деп те атаған. Желтоқсанның 22-жұлдызында күн барынша қысқарады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## В РАМКАХ АКЦИИ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН», «ТАЗА ӨЛКЕ»



Население Приозерска поддержало объявленную в стране республиканскую экологическую акцию «Таза Қазақстан», активно включившись в санитарную очистку городской территории.

Традиционно территорию города делят на районы и каждый участок закрепляется за городскими учреждениями, организациями, предприятиями. Сотрудники метут улицы, белят деревья, сажают саженцы, пилат сухостой и молодую поросль, убирают крупногабаритный мусор, очищают побережье озера. Эта работа будет продолжена и в этом году.

В первую неделю, проведенную под девизом «Таза өлке», на закрепленные участки вышли коллективы 121-го государственного предприятия, учреждения и частных организаций в количестве 1452 человека во главе с акимом города Ахметовым М.Т. Для вывоза 35 тонн собранных отходов было привлечено за неделю 20 единиц погрузочной и грузовой техники.

Тематика второй недели - «Киелі мекен», будет посвящена работам по благоустройству территорий архитектурных, историко-культурных памятников, парков, скверов, аллей. В Приозерске основные памятные объекты посвящены первостроителям города, участникам Великой Отечественной войны 1941-1945 годов, героически погибшим лётчикам, солдатам, ракетным войскам и другой тематике, олицетворяющей историю военного городка.

Есть и современные гражданские скульптуры, малые архитектурные формы, стеллы, территории которых благоустроены, освещены. Задача горожан – привести в порядок эти участки после холодного зимнего периода.

Конечно, данная работа не будет ограничена только весенним двухмесячником. В существующих скверах планируется посадка новых



саженцев, организация их полива, асфальтирование дорожек. Будет установлено дополнительное освещение, декоративное ограждение мест отдыха жителей города, высадка цветов на клумбах. Обязательно проведут ремонт поврежденных элементов на детских игровых площадках, МАФах, фонтанах и других общественных объектах города.

Особо выделил Президент и приведение в порядок дорог. Ежегодно в бюджете города предусматриваются средства на текущий ремонт автомобильных дорог, обновление разметок на проезжей части. Эта работа будет продолжена и в этом году.

За последнее десятилетие в городе появилось множество локаций, ставших излюбленными местами для отдыха, организованы интересные фотозоны. Для придания этим местам гармоничного состояния необходимо поддерживать прилегающую территорию в чистоте и порядке.

В этой связи важно неравнодушное, принципиальное отношение граждан к тем, кто не ценит то, что мы имеем, ломает, мусорит. «Нулевая терпимость», установка: «Стал свидетелем вандализма, укажи на недостойное поведение», всегда имел свои результаты! И начинать надо со своей лестничной площадки, подъезда, дома, придомовой территории, делая мир вокруг себя лучше, чище, комфортнее! Подавая тем самым пример и подрастающему поколению!

И по полученным результатам, по внешнему виду городов, поселков, сёл, общественных пространств, как сказал Глава государства, будет оцениваться деятельность акимов.



*Отдел внутренней политики города Приозерск*



под многолетними зелеными насаждениями, высаживали цветы в самодельные клумбы.

В Приозерске в целях привлечения жильцов многоквартирных домов к приведению в порядок своих территорий практикуется организация конкурсов «Лучший дом», «Лучший подъезд» по озеленению участков возле подъездов, вокруг жилых домов, а также облагораживанию самих подъездов. Всегда приятно входить в подъезды, в которых видны результаты этих конкурсов: рисунки и картины на стенах, шторы на окнах.

Работа по привлечению населения, волонтеров и других активистов будет продолжена и дальше, ещё больше повышая осознанность горожан по активному участию в санитарных очистках, и по недопущению разбрасывания пакетов с ТБО в непредназначенных для этих целей местах; бережному отношению к существующей инфраструктуре.

Думается, что благодаря совместным усилиям жителей Приозерска, по результатам весеннего двухмесячника по благоустройству, город станет ещё краше!

*Отдел внутренней политики города Приозерск*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,  
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,  
38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,  
«Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №16/94, Таралымы:500 дана, пішімі:  
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі  
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми  
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-  
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар  
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-  
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-  
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-  
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.  
Балаларға тыйым салынған.